

*"Сақтандыруға өтінішті қабылдау,
оны талдау және қарау, бұрын
мақұлданған сақтандыру шарттарын
өзгертуге өтінішті қабылдау"
Бизнес-процесіне 2-қосымша*

**Экспорттық қайтарымсыз құжаттамалық расталған аккредитивті сақтандыруға
ӨТІНІШ
(клиентке арналған нысан)**

Тіркеу нөмірі № (сақтандырушы көрсетеді)	Күні: / /	
Осы өтінішке қол қоя отырып, Өтініш беруші/Экспорттаушы Экспорттық аккредитивтерді сақтандыру қағидаларымен танысқанын, сақтандыру шарттарымен келісетінін растайды. Өтініш беруші/Экспорттаушы осы Өтінішке қол қоя отырып, Сақтандырушыға өзінің дербес деректері бар кез келген мәліметтер мен ақпаратты, сондай-ақ оның басқару органдары, лауазымды тұлғалары туралы мәліметтерді жинауға, өңдеуге, сақтауға және: Сақтандырушының алқалы органдарына; Сақтандырушының бағдарламалық қамтамасыз етуін сүйемелдеуді және оған қызмет көрсетуді жүзеге асыратын үшінші тұлғаларға; Сақтандырушының аудиторлық ұйымына; Сақтандырушының Жалғыз акционеріне; Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және оның құрылымдық бөлімшелеріне; Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне; "Қазақстан Республикасы қаржыгерлерінің қауымдастығы" коммерциялық емес ұйымына, ҚР заңнамасына сәйкес өзге де уәкілетті тұлғаларға/органдарға беруге келісімін береді.		
1. Өтініш беруші/Экспорттаушы	Атауы:	
	Мекенжайы:	Өтініш берушінің тіркелген күні:
	Байланысушы тұлға:	Ел:
	Байланысу:	
	Жұмыскерлер саны:	Активтердің орташа жылдық құны (млн.т):
	БСН/ЖСН:	
	КҰЖЖ коды:	Банк деректемелері:
	"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-ға тиесілі жарғылық капиталда үлестің болуы	Иә __ Жоқ __
	Рейтинг (бар болса)	Standard & Poor's __ Fitch Ratings __ Moody's __ A.M. Best __
	Түсім мөлшері (соңғы 2 жылда)	_____ (соманы көрсетіңіз) теңге
Төленген салықтардың сомасы (соңғы 2 жылда)	_____ (соманы көрсетіңіз) теңге	

2. Импорттаушы	Атауы:				
	Мекенжайы:			Өтініш берушінің тіркелген күні:	
	Байланысушы тұлға:			Ел:	
	Байланысу:				
3. Экспорттық келісімшарттың жалпы құны	Валюта-тасы:		Сомасы:		
4. Сақтандыруға кепілдік құралы	☐ Қайтарымсыз құжаттамалық аккредитив	☐ Кепілдік		☐ Қарсы кепілдік	☐ Резервтік аккредитив
5. Құрал бойынша сома және валюта	Валюта-тасы:		Сомасы:		
6. Құрал бойынша төлем мерзімі және шарттары					
7. Тауарды / қызметті жеткізудің нысаналы жері					
8. Экспорттық келісімшарт бойынша жеткізілетін Тауарлар/Жұмыстар/Қызметтер					
9. Тауардың / қызметтің шыққан елі					
10. Қосымша ақпарат:					

11. Сақтандыру құпиясын құрайтын ақпаратты ашуға келісімі	Осы Өтінішке қол қоя отырып, Өтініш беруші/Экспорттаушы Сақтандырушыға көрсетілген мемлекеттік қолдау шаралары туралы есептерді "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-на, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына ұсыну үшін мынадай ақпаратты ашуға Сақтандырушыға өзінің келісімін растайды: ☐ Өтініш берушінің/Экспорттаушының атауы; ☐ Өтініш берушінің/ Экспорттаушының БСН; ☐ Сақтандыру өнімінің атауы; ☐ Экспорттық келісімшарт бойынша ақпарат (валюта және сома); ☐ Қабылданған міндеттемелер сомасы; ☐ Сақтандыру сыйлықақысының сомасы; ☐ Өтініш берушінің/Экспорттаушының саласы; ☐ Экспортталатын өнімнің/қызметтің атауы; ☐ Өтініш берушінің/Экспорттаушының жобасын іске асыру орны; ☐ Экспорт елі; ☐ Өтініш берушінің/Экспорттаушының ЭҚЖЖ атауы; ☐ Өтініш берушінің/Экспорттаушының СЭҚТН атауы; ☐ Өтініш берушінің/ Экспорттаушының жобасының сипаты; ☐ Өзге де қажетті деректер.
12. Өзге ақпаратты ашуға келісім:	☐ Осымен Өтініш беруші/Экспорттаушы Сақтандырушыға Сақтандырушының сақтандыру өнімдерін кез келген бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалық мақсатта ілгерілету үшін мынадай ақпаратты ашуға өзінің келісімін береді: ✓ Өтініш берушінің/Экспорттаушының атауы; ✓ Сақтандыру өнімінің атауы; ✓ Өтініш берушінің/Экспорттаушының саласы; ✓ Экспортталатын өнімнің/қызметтің атауы; ✓ Өтініш берушінің/Экспорттаушының жобасын іске асыру орны; ✓ Экспорт елі; ✓ Өтініш берушінің/ Экспорттаушының жобасының қысқаша сипаты. ☐ Келіспейміз

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемелер	Өтініш беруші/Экспорттаушы осымен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру жөніндегі қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау және орындау міндеттемелерін өзіне қабылдайды. Өтініш беруші/Экспорттаушы сақтандыру қызметтерін алу мақсатында не сақтандыру қызметтерін алуда қандай да бір артықшылықтарға қол жеткізу мақсатында кез келген тұлғаларға, соның ішінде Сақтандырушының қызметкерлері мен лауазымды адамдарына кез келген ақшалай соманы тікелей немесе жанама түрде төлемейтінін, ұсынбайтынын немесе төлеуге рұқсат бермейтінін, сондай-ақ - мүлікті, мүліктік құқықтарды, өзге де материалдық құндылықтарды беруге, материалдық/материалдық емес пайда алуға жәрдемдесуге уәде бермейтінін растайды және кепілдік береді. Өтініш беруші/Экспорттаушы өзіне Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, соның ішінде пара беру/алу/делдалдық, коммерциялық параға сатып алу, заңсыз сыйақы, өкілеттіктерді теріс пайдалану ретінде сараланатын ешқандай әрекеттерді, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру ретінде сараланатын әрекеттерді жүзеге асырмау міндеттемесін өзіне қабылдайды. Өтініш беруші/Экспорттаушы Сақтандырушыны (оның лауазымды тұлғаларын және/немесе жауапты жұмыскерлерін) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кез келген қолжетімді тәсілмен (жазбаша түрде, хабарламаны электрондық поштаға, "жедел желі" телефоны арқылы және өзге де тәсілдермен жіберу арқылы) Сақтандырушының лауазымды адамдары және/немесе қызметкерлері тарапынан не Сақтандырушының мүддесі үшін әрекет ететін өзге де адамдар тарапынан ақшалай сомаларды, материалдық құндылықтарды, өзге мүлікті, жеңілдіктерді, қызметтерді, преференцияларды қорқытып алу жағдайларына қатысты оған белгілі барлық фактілер не туындаған негізделген күдіктер туралы дереу хабардар етуге міндеттенеді. Өтініш беруші/Экспорттаушы Сақтандырушыны (оның лауазымды тұлғаларын және/немесе Сақтандырушының жауапты жұмыскерлерін) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кез келген қолжетімді тәсілмен (жазбаша түрде, хабарламаны электрондық поштаға, "жедел желі" телефоны арқылы және өзге де тәсілдермен жіберу арқылы) Өтініш берушіге қатысты Сақтандырушының лауазымды адамдары және/немесе қызметкерлері тарапынан оған белгілі барлық фактілер не кез келген сыбайлас жемқорлық көріністері, лауазымдық теріс пайдаланулар және өзге де құқыққа қайшы әрекеттер туралы туындаған негізделген күдіктер туралы дереу хабардар етуге міндеттенеді.
	Өтініш беруші/Экспорттаушы осы Өтініште баяндалған мәліметтер дұрыс, толық болып табылатынын және Сақтандырушының талаптарына сәйкес барлық маңызды ақпарат берілгенін растайды. Өтініш беруші/Экспорттаушы Сақтандырушы, егер Өтініш беруші/Экспорттаушы жалған мәліметтер келтірсе немесе сақтандыру шартын жасасу мақсатында маңызды ақпаратты жасырса, өз қызметтерін ұсынудан бас тартуға құқылы болуымен келіседі.
Жауапты басшы немесе сенім білдірілген тұлға	Байланысушы тұлға:

(лауазымы және толық аты-жөні) Қолы МО	
	Тел. нөмірі: e-mail:

Ескертпе: Сақтандырушының қажет кезінде қосымша құжаттар сұрауға құқығы бар.